

Ұлыстың Ұлы күні - Өз Наурыз тойлануда!



3-бет

Бастауыш сыныптар арасындағы олимпиада



5-бет



# Аудан тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 28 (537) ЖҰМА, 3 сәуір 2015 жыл

## ҚР ПРЕЗИДЕНТІ МЕН ВЕНГРИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Венгрия премьер-министрі Виктор Орбанмен кездесті, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Кездесу барысында тараптар екі елдің өзара ықпалдастығының кең ауқымдағы мәселелерін, сондай-ақ халықаралық күн тәртібіндегі өзекті жайттарды талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Венгрия халықтарының тарихи тұрғыдан жақындығына тоқталып өтті.

«Біз Венгрияны нағыз досымыз деп санаймыз. Елдеріміздің тарихи тамыры ортақ және даму жолдары ұқсас. Венгрия – біз үшін Еуропадағы маңызды тірек саналатын ел», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті екі ел ынтымақтастығы дамуының үдемелі қарқынына назар аударды.

«Бұл біздің бірінші кездесуіміз емес. Бұл байланыстар біздің сауда-экономикалық қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал екенімізді көрсетеді. Біз Венгрияның Еуропа одағы елдері арасынан алғашқылардың бірі болып Қазақстанмен стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойғанын жоғары бағалаймыз. Сіздің сапарыңыз нәтижелі болуы, ынтымақтастығымыздың нақты бағыттары бойынша уағдаластықтарға қол жеткізілуі үшін біз қажетті күш-жігерімізді жұмсайтын боламыз», – деді Мемлекет басшысы.

В.Орбан өз кезегінде Қазақстан Президентіне елге шақыру үшін ризашылық білдіріп, венгр халқының сәлемін жеткізді.

«Әлемдегі күрделі ахуал жағдайында біз Сіздің бұдан арғы ынтымақтастығымыздың перспективалары жөніндегі пікіріңізді білуге мүдделіміз. Қазақстан Еуропалық одақта оның біздің ел сияқты сенімді досының бар екеніне сенуіне болады. Будапеште біз Астана көшесін ашқанымызды жеткізгім келеді. Біз саяси және мәдени байланыстарымыз тиісті деңгейде деп санаймыз, оның ар жағында Сіздің қолдауыңыздың тұрғанын да сезініп отырмыз», – деді Венгрия премьер-министрі.

**БАҚ беттерінен**

## Ұшақырылған Бородулиха аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан тұрғындарының НАЗАРЫНА!

Ұшақырылған Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXII сессиясы 2015 жылдың 9 сәуірінде сағат 10:00-де аудандық әкімдіктің (Тәуелсіздік к., 69) кіші мәжіліс залында өтеді.

### Сессияның ұсынылатын күн тәртібі:

1. Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 28-2-V «2015-2017 жылдарға арналған Бородулиха ауданының бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Баяндамашы: Мұрат Құсайынұлы Аргумбаев – Бородулиха ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы.

**Аудандық мәслихат хатшысы У. МАЙЖАНОВ**

## ЖЕҢІСПЕН ОРАЛҒАН ЖАС ӨРЕНДЕРДІ АУДАН БАСШЫСЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Наурыз айының 23 және 30 наурызы аралығында Шығармашылық үйінің «Айналайын» би ансамблінің жас бишілері мен ұстазы Лаура Оразғалиқызы Бурабай баурайындағы «Балдәурен» РОСО-ға сапар шегіп, республикалық «Атадан - Мұра» байқауына қатысып, республикалық байқауда жеңіс тұғырына көтеріліп, ауданымыздың абыройын асқақтатып, ұжымның ішінде жүлделі бірінші орынды қанжығаларына байлап қайтты. Балалардың өнер ұжымдарының дами түсуіне ұйтқы болып, өнер ұжымдары арасында тәжірибе алмастыру мақсатында ұйымдастырылған республикалық байқауға еліміздің сан қилы өңірлерінен түрлі өнер ұжымдары мен дарынды жеткіншектер қатысқан екен. 30 наурыз күні жеңіспен оралған Шығармашылық үйінің өнер ұжымын аудан әкімі Г.Акулов қабылдап, жүлделі оралған бір топ жас өрендерді жеңістерімен құттықтап, шығармашылық толағай



табыстар тіледі.

Бородулихалық жас таланттарымызды шын жүректен құттықтап, оқушыларымызға өнерлері үстем болып, алдағы уақыттарда да биіктерден көріне берулеріне тілектестігімізді білдіреміз.

**«Аудан тынысы» ақпарат**

## БАЛАЛАР БАҚШАСЫНДАҒЫ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

**Келіңіздер, Наурыз күнін қарсы алайық, билейік, жыр жырлайық, ән салайық. Қаһарлы қыстан өтіп Наурыз келді, Арқаңды кеңге салшы уа, халайық!** - деп

ақын жырлағандай жыл құстары келе бастаған кезде, табиғат-ана жаңарып, ақ көрпесін сырып тастап өзгеше бір әдемі күйге еніп, күн мен түн теңесіп, қараңғы мен жарықтың теңелетін, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін табиғат мерекесі Наурыз да сағындырып келді.

«Бала жасындағысын ұмытпайды» дейді дана халқымыз. Олай болса, жас ұрпаққа сәби кезінен салт-дәстүрімізді, ұлттық құндылықтарымыз бен мерекелерімізді бала санасына сіңіріп, үлгі көрсете тәрбиелеу мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлерінің қасиетті борышы.

В.Бастриков басқаратын біздің «Балабақша» МҚКК ұжымы да «Қош келдің, Өз Наурыз!» атты ертеңгілік өткізді. Мерекеге бірінші сәбилер тобынан басқа барлық топ балалары қатысты. Елбасымыздың жарлығымен биылғы 2015 жыл Ассамблея жылы деп жарияланғаны баршамызға аян. Осыған орай ертеңгілікте әр ұлттардың салт-дәстүрі, дастархан мәзірі көрсетілді. Алдымен «Жұлдыз» екінші сәбилер тобы тәрбиеленушілері, тәрбиешілері: С.Кудагельдиева, Ж.Оспанова қазақ халқының сән-салтанатымен шығып, наурыз көже, қазы-қарта, құрт-май сияқты ұлттық тағам түрлерін дастарханға қойып, тағамдардың жасалу жолдарымен де таныстырып өтті. Ал сәбилер тобы балалары «Қаражорға» биін нақышына келтіре орындап берді. «Рябинка» екінші сәбилер тобы тәрбиеленушілері, тәрбиешілері: А.Платонова, Н.Руденко украин халқының салт-дәстүрі мен ұлттық тағамдарын көрсетіп олардың жасалу жолдарымен таныстырып, балалар татар халқының «Васелечки» биін орындап берді. «Балапан» естиярлар тобы да



мерекеге ерекше дайындалыпты. Татар халқының дастархан мәзірін көрсетіп, ұлттық биін билеп өз өнерлеріне ата-аналарын тәнті етті. Тәрбиешілері: Ж.Темирбаева, Р.Түспекова. «Вишенка» естиярлар тобы тәрбиеленушілері, тәрбиешілері: Г.Акимова, А.Омарова орыс халқының дастархан мәзірін, салт-дәстүрін көрсетті. Тәрбиешілер балалармен бірге билеп, ән айтып көрермен ата-аналарды қуанып тастады. «Қарлығаш» ересектер тобы тәрбиеленушілері, тәрбиешілері Г.Темиргалиева, Ж.Түспековалар өзбек халқының салт-дәстүрін, дастархан мәзірін көрсетіп, ән салып би билеп балалар өз өнерлерін көрсетті. «Ромашка» ересектер тобы тәрбиеленушілері, тәрбиешілері И.Гроза, А.Селиванова да мерекеге жақсы дайындықпен келіпті. Балалар тәрбиешілерінің қатысуымен неміс ұлтының салт-дәстүрін, тағам түрлерін көрсетіп өз өнерлерімен көрермендер көңілінен шықты. Жалпы балабақшада қандай мереке болмасын жоғары деңгейде жақсы дайындықпен өтеді.

**С.ҚҰДАГЕЛДИЕВА, «Жұлдыз» тобының тәрбиешісі**

## ХАЛЫҚ ЖӘНЕ БИЛІК

# ЫНТЫМАҚ ПЕН ЖАСАМПАЗДЫҚ ДӘУІРІ

## Біздің ортақ жеңісіміз! Біздің таңдауымыз!

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАЛПЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӨНІМІНІҢ 20 % ШҚО ӨНДІРІЛЕДІ

ШҚО әкімі Даниал Ахметов халық алдында өткізген есептік кездесуде өңірлік инновациялық өнімнің бестен бірі Шығыс Қазақстанда өндірілетінін мәлімдеді, деп хабарлайды ШҚО Ақпараттық орталығы.

Есептік кездесуде аймақ басшысы мәлімдегендей, соңғы 2 жылда өңірлік жалпы өнім құрылымындағы инновациялық өнім 2,5 есеге өсіп, өткен жылы өнім көлемі 109,4 млрд. теңгеге артқан. Бүгінгі күні облыс аумағында «Қазмырыш» ЖШС, «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ, «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ, «AES Өскемен ЖЭО-і» АҚ, «Согрин ЖЭС-і», «Семей қаласының цемент зауыты», «Азия Авто» АҚ сынды 75 мың адам жұмыс істейтін ірі кәсіпорындар өткен жылы 1 трлн. 98 млрд. теңгенің өнімін өндірген. Бұл көрсеткіш 2013 жылмен салыстырғанда 100 млрд. теңгеге артық.

Сонымен қатар, жүйекұрастырушы кәсіпорындардың тауарды сатып алу, жұмысы мен қызметі 257 млрд.теңгені құрап, соның ішінде жергілікті қамтудың үлесі 120 млрд. теңгеге жеткен.

Облыстың тауар өндірушілерінен ұлттық компаниялармен сатып алу көлемі 2013 жылғы деңгейден 1,7 есеге артып, 93 млрд.теңгені құрады, келісімшарттар саны 30%-ға артты. Аймағымыздағы ірі кәсіпорындар мен отандық тауар өндірушілердің серіктестігі арқасында өңіріміздің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеміз, – деді Д.Ахметов

«Нұрлы жол» бағдарламасын бюджеттік қаржыландыру көлемі 423,5 млрд.теңгені құрайды. Бюджеттен қаржыландыру басталды.

«Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша барлық фискалдық инфрақұрылым және төлемдер мен бақылау жүргізу үшін нормативтік база толық дайындалды. Өз кезегінде Қаржы министрлігі тиісті жұмыстарды жүргізді.

23 млрд.теңге игерілді - қаражат республикалық деңгейдегі автожолдарды салу жұмыстарын орындауға жіберілді.

Жалпы, 2015 жылы қаражат келесі бағыттарды қаржыландыруға жоспарланған. Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға – 207,8 млрд. теңге, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытуға – 112,5 млрд. теңге. Халықаралық қаржылық ұйымдармен бірлескен жобаларда Қазақстан Республикасының үлесін қаржыландыруға – 39,2 млрд. теңге. Агроөнеркәсіп кешенін қолдауға – 20,0 млрд. теңге, мектептер салуға – 17,3 млрд. теңге және «Балапан» бағдарламасын қолдауға (мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландыруға) – 12,7 млрд. теңге. Одан басқа, бірқатар жоғарғы оқу орындарының, ғылыми мекемелердің материалдық-техникалық базасын қалыптастыруға және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге 8 млрд.теңге және 6 млрд.теңге сәйкес бөлінген.

Бұған қосымша «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы арқылы Ұлттық қордан 262,5 млрд.теңге облигациялық қарыз жалдауға берілетін тұрғын үйді салуға кредит беруге, шағын және орта бизнес жобаларын қаржыландыруға, ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға, Қазақстанның даму банкі арқылы өнеркәсіп өндірісін

және экспорттаушыларды қолдауға (яғни экспорттау және экспорттау алдындағы кредит беруге бөлінеді) бөлінеді. Тұрғын үйді сатып алып, ары қарай халықтың арасына тарату үшін 20,3 млрд.теңге игерілді.

Жалпы бағдарламаны тиімді іске асыру үшін Қаржы министрлігі барлық сатыларда бақылауды қамтамасыз ететін болады. Ол қаражатты бөлу сәтінен бастап соңғы кезеңге дейін жүргізетін болады және аяқталған жобаларды кейінгі нысаналы бақылауды да қамтиды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде Қазақстан Республикасының білім және ғылым вице-министрі Есенғазы Иманғалиев және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаментінің директоры Жаңыл Жонтаеваның қатысуымен «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі және орта білім беруді дамыту» тақырыбында брифинг өткізілді.

Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, Ұлттық қор қаражаты есебінен апатты және үш ауысымды мектептердің орнына құрылыс салуға қажеттілігі бар мектептердің саны анықталды.

Елбасының Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауының шеңберінде жүргізілген жұмыстың нәтижесінде Ұлттық қор есебінен 2015-2017 жылдарға жалпы сомасы 61,9 млрд. тг.:

2015 ж. – 14,3 млрд.тг.,

2016 ж. – 23,09 млрд.тг.,

2017 ж. – 24,5 млрд.тг.

73 мектептің құрылысы жоспарланды.

Сонымен, үш ауысымды сабақтарды жою үшін Ұлттық қордан 57 мектеп, апатты мектептердің орнына 16 мектеп салу қарастырылды.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

Республикада 8467 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оларға 727,4 мың бала барады, Оның ішінде 3832 балабақша (541,5 мың бала) және 4635 шағын орталық (185,8 мың бала) бар. Балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту 78,6%-ды құрайды.

Республиканың 6 өңірінде - Алматы (62,9%), Маңғыстау (68,1%), Оңтүстік Қазақстан (72,4%), Жамбыл (70,9%) облыстарында және Алматы (64,7%), Астана (63,1%) қалаларында балаларды мектепке дейінгі орындармен қамту республикалық деңгейден төмен, оларда 2020 жылға қарай 100% нысаналы көрсеткішіне қол жеткізбеу қаупі бар.

Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген өңірлердің Маңғыстау облысынан (2 балабақша) басқа әрқайсысында Ұлттық қор қаражаты есебінен жалпы сомасы 15,39 млрд.тг. 3 балабақшадан, басқа өңірлерде 1 балабақшадан:

- 2015 жылы – 17 балабақшаның құрылысын бастау;

- 2016 жылы – 2 жаңа балабақша құрылысы;

- 2017 жылы – 8 жаңа балабақшаның құрылысы қарастырылды.

Жалпы алғанда, осы шаралар 2018 жылға қарай үш ауысымды және апатты мектептерді жоюға және мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығы мәселесін түбегейлі шешуге мүмкіндік береді.

**ҚР БҒМ баспасөз қызметі**

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА 550 ЖЫЛ



«Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық» - деп президентіміз Н.Назарбаев айтып өткендей бұл ғасырда өмір сүріп отырған барша ұрпақ ғылым саласында өзіндік жол салар дара ұрпақ болуы тиіс. Олай болса болашаққа нық қадам жасау бүгіннен басталады.

2015 жылы Керей мен Жәнібек Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын көкке көтергеніне 550 жыл толады. Бұл оқиға қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Ол ұлан - байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық аумағын біріктіруде,



қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда аса маңызды және түбегейлі шешуші рөл атқарды. Тәуелсіздік алғалы бері Қазақ хандығының мерейтойы алғаш рет аталып өтпекші. Бұдан елу жыл бұрын кеңестер жүйесінің қыспағында біз ондай бастамаларды көтере алмадық. Ал 600 жылдыққа дейін әлі біраз уақыт бар. Сондықтан Қазақ хандығының жылдығын абыроймен өткізіп шығу аса маңызды. Оған қоса, кейбіреулер қазақ халқының мемлекеттігін сан-саққа жүгіртіп, оның тарихына күмәнмен қарап отырған кезде бұл бастаманың саяси маңызы зор. Ата - бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақстанның арғы - бергі тарихының

ең ғибратты тағылымы, міне осында. Олай болса бүгінгі қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы Жезкент кентінің мектеп лицейінде тойланды. Дегенмен, өткізілген мерейтой қазақ халқының мемлекеттігін таныту мақсатында емес, жастардың патриоттық сезімін барынша күшейту үшін өткізілді. Жезкент кентінің мектеп лицейінде «Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл» тақырыбында қазақ тілінде оқытылатын оқушылардың арасында үлкен мерейтой өткізілді. Мерейтойға 6-8 сынып оқушылары қатысып өз өнерлерін көрсетті. Іс-шараның мақсаты - жастарды өз тарихын білудегі танымдық қасиеттерін қалыптастыру бағытында елжандылыққа, отансүйгіштікке баулу. Іс шара барысында қазақ хандығының құрылуына ұйтқы болған себептер мен қазақ хандығының негізгі құрылу кезеңдері жөнінде мәліметтер берілді. Қазақ хандығының құрылуы жайында 8 «Ә» сынып оқушылары көрініс көрсетті, Қазақ хандығы туралы деректі

фильм көрсетілді. Оқушылар қазақ халқының басын қосудағы Жәнібек пен Керейдің сіңірген еңбегін жан-жақты ізденіп, ұлы бабаларымызға арнап жүректерінен шыққан тапқатарын орындап берді. 6 «Ә» сынып оқушысы Каконова Аяулымның Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек бабаларымызға арналған тапқағынан Ұлы бабаларымызға деген жүрек жарды сүйіспеншілігін біршумақ тапқағынан көруге болады :

**Қазағымның хандығын,  
Керей мен Жәнібек  
Қалап мынау бастаған,  
Жалғастырған жас  
ұрпақ пен жас балаң,  
Қазақ деген атауға,  
Лайық болар әр балаң.  
Желбіретіп жалауын,  
Әлемге айқын мөр  
басқан.**

**Тәуелсіз күнге жеттік  
деп ,  
Еркіндікті алдық деп**

**Мақтанып бір, жар салған.-деп  
қазақ хандығының құрылуына  
негіз болған бабаларына ар-  
нады.**

**А. ҚАЛИЕВА, Жезкент  
кенті**

Аудан тынысы

№28 (537) 3 сәуір 2015 жыл

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ - 2015

**Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №78 қаулысы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы наурыздағы №3781 тіркелген**

**Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу туралы**  
«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 – бабы 6 – тармағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағы негізінде, Бородулиха ауданының әкімдігі КАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттар тура- лы үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы С.Н.Лазуринге жүктелсін. 3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Г.АКУЛОВ, аудан әкімі**  
**КЕЛІСІЛДІ: С.ХАРЧЕНКО,**  
**Бородулиха аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы 2015 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_**

**Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 78 қаулысына қосымша**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАР**  
**ҮШІН ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОР-**  
**НАЛАСТЫРУ ҮШІН ОРЫНДАР ТІЗБЕСІ**

|   |                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|---|-------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| № | Кенттік және ауылдық округтің атауы | Қазақстан Республикасының Президенттігіне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 1 | Бородулиха ауылдық округі           | Бородулиха ауылы, «Семей Орманы» МОТР конторасының кәсепі жағында<br>Бородулиха ауылы, Николай Островский атындағы орта мектептің кәсепі жағында, қызық орта мектебінің фойесінде, «Бородулиха қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгілігі медициналық - әлеуметтік кешен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің фойесінде<br>Бородулиха ауылы, мәдениет үйі ғимаратының он жағында<br>Знаменка ауылы, мал шаруашылығы кешенінің әкімшілік ғимаратында<br>Успенка ауылы, Успенская толық емес орта мектептің кәсепі жағында<br>Бородулиха ауылы, ауылдық клуб ғимаратының кәсепі жағында |
| 2 | Бақы ауылдық округі                 | Ауыл станциясы, бастауыш мектептің солтүстік жағында<br>Коростели ауылы, орта мектептің оңтүстік жағында<br>Тарск ауылы, тұрғын үйі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 3 | Дмитриевка ауылдық округі           | Дмитриевка ауылы, Киров атындағы орта мектептің ақт залында                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 4 | Новодворовка ауылдық округі         | Ивановка ауылы, орта мектеп ғимаратының солтүстік жағында<br>Березовка санаторийі, «Березовка» санаторийі асханасының кәсепі жағында                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 5 | Переменовка ауылдық округі          | Переменовка ауылы, орта мектептің кәсепі жағында<br>Андроновка ауылы, жалпы білім беретін бастауыш мектептің кәсепі жағында                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 6 | Степной ауылдық округі              | Орловка ауылы, бастауыш мектептің кәсепі жағында<br>Шелехово ауылы, орта мектептің кәсепі жағында<br>Орловка ауылы, Дружба кешесі 35 бойынша тұрғын үйдің батыс жағында                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |

|    |                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|----|------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 7  | Подборный ауылдық округі     | Камышенка ауылы, орта мектептің кәсепі жағында<br>Михайловка ауылы, ФАП солтүстік жағында<br>Романовка ауылы, ФАП солтүстік жағында                                                                                                                                                                                                           |
| 8  | Белағаш ауылдық округі       | Белағаш ауылы, орта мектеп ғимаратының кәсепі жағында<br>Зенковка ауылы, орта мектеп ғимаратының кәсепі жағында<br>Бек-Кирпир ауылы, толық емес орта мектептің кәсепі жағында                                                                                                                                                                 |
| 9  | Новопокровка ауылдық округі  | Новопокровка ауылы, Әуезов атындағы орта мектептің кәсепі жағында<br>Новопокровка ауылы, орта мектептің кәсепі жағында<br>Сарноғай ауылы, ФАП ғимаратының кәсепі жағында                                                                                                                                                                      |
| 10 | Петропавловка ауылдық округі | Петропавловка ауылы, орта мектептің кәсепі жағында<br>Меланка ауылы, бастауыш мектептің сол жағында<br>Игатулда ауылы, «Семей Орманы» РММ орман шаруашылығы кешесінің кәсепі жағында                                                                                                                                                          |
| 11 | Зубаир ауылдық округі        | Зубаир ауылы, орта мектептің кәсепі жағында<br>Байтанат ауылы, бастауыш мектептің кәсепі жағында                                                                                                                                                                                                                                              |
| 12 | Андреевка ауылдық округі     | Михайличенково ауылы, ауылдық клубтың кәсепі жағында                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 13 | Новошұльба ауылдық округі    | Новошұльба ауылы, Комаров атындағы орта мектептің кәсепі жағында<br>Новошұльба ауылы, Киров көшесі 73 мекенжайы бойынша «Жермет» дүкенінің бұранғы ғимаратында<br>Новошұльба ауылы, «Қызыл партизаны» ш.к. ЖШС конторасының кәсепі жағында<br>Солоновка ауылы, ауылдық клуб ғимаратының кәсепі жағында                                        |
| 14 | Ленин ауылдық округі         | Пролетарка ауылы, орта мектептің фойесінде<br>Песчанка ауылы, орта мектептің кәсепі жағында<br>2-Титилетка ауылы, орта мектептің кәсепі жағында<br>Алексеевка ауылы, К.Таудан тұрғын үйінің кәсепі жағында                                                                                                                                    |
| 15 | Жерновка ауылдық округі      | Жерновка ауылы, орта мектептің фойесінде, мәдениет үйінің кәсепі жағында<br>Боровлянка ауылы, «Семей орманы» МОТР ММ конторасының кәсепі жағында                                                                                                                                                                                              |
| 16 | Красный Яр ауылдық округі    | Пол-Лог ауылы, «Отыз» дүкенінің кәсепі жағында<br>Красный Яр ауылы, «Қазактелеком» АҚ кәсепі жағында<br>Речное ауылы, сут қабылдау пунктінің кәсепі жағында                                                                                                                                                                                   |
| 17 | Таврия ауылдық округі        | Уба-Форпост ауылы, ұақышар конторасының бұранғы ғимаратында<br>Буркотово ауылы, орта мектептің кәсепі жағында                                                                                                                                                                                                                                 |
| 18 | Жезкент ауылдық округі       | Сакновка ауылы, «Сакновское» ЖШС конторының кәсепі жағында<br>Жезкент ауылы, № 2 орта мектептің кәсепі жағында<br>Жезкент ауылы, № 1 орта мектептің кәсепі жағында, Жезкент кентіне кіре берісте, «Юность» дүкенінің манайында, Октябрь даңғылы бойынша 2 жатақхананың манайында<br>Жезкент ауылы, «Металлург» мәдениет үйінің кәсепі жағында |

**Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №79 қаулысы Номативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 27 наурыздағы №3780 тіркелген**

**Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй – жайлар беру туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 - бабы 4 – тармағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағы негізінде, Бородулиха ауданының әкімдігі КАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй –жай- лар берілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы С.Н.Лазуринге жүктелсін. 3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Г.АКУЛОВ, аудан әкімі**  
**Келісіді: С.ХАРЧЕНКО,**  
**Бородулиха аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы 2015 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_**

*Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 79 қаулысына қосымша*

**Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін ұсынылатын үй – жайлар**

| №  | Сайлау округтерінің атауы    | Кандидаттармен кездесу өткізу орны                                                                                                                                                     |
|----|------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1  | Ленин ауылдық округі         | Песчанка ауылы – орта мектеп<br>2 - Титилетка ауылы - орта мектеп                                                                                                                      |
| 2  | Новошұльба ауылдық округі    | Новошұльба ауылы – ауылдық клуб<br>Солоновка ауылы – клуб<br>Пролетарка ауылы – орта мектеп                                                                                            |
| 3  | Жерновка ауылдық округі      | Жерновка ауылы – ауылдық клуб<br>Пол-Лог ауылы – «Алмакос» шаруа қожалығының конторасы<br>Боровлянка ауылы – «Семей Орманы» конторасы                                                  |
| 4  | Жезкент ауылдық округі       | Жезкент кенті – «Металлург» мәдениет үйі                                                                                                                                               |
| 5  | Андреевка ауылдық округі     | Михайличенково ауылы<br>ауылдық клуб                                                                                                                                                   |
| 6  | Бақы ауылдық округі          | Коростели ауылы – орта мектеп<br>Аул станциясы– бастауыш мектеп                                                                                                                        |
| 7  | Переменовка ауылдық округі   | Переменовка ауылы – орта мектеп<br>Орловка ауылы – бастауыш мектеп<br>Андроновка ауылы – бастауыш мектеп                                                                               |
| 8  | Бородулиха ауылдық округі    | Бородулиха ауылы – аудандық мәдениет үйі<br>Успенка, Барышовка, Поднебесное ауылдары - Успенка толық емес орта мектеп<br>Знаменка ауылы – мал шаруашылығы кешенінің әкімшілік ғимараты |
| 9  | Дмитриевка ауылдық округі    | Дмитриевка ауылы – орта мектеп                                                                                                                                                         |
| 10 | Белағаш ауылдық округі       | Зенковка ауылы - Краснополь орта мектебі<br>Белағаш ауылы - Белағаш орта мектебі                                                                                                       |
| 11 | Подборный ауылдық округі     | Камышенка ауылы – орта мектеп<br>Михайловка ауылы - медициналық пункт<br>Романовка ауылы - медициналық пункт                                                                           |
| 12 | Новопокровка ауылдық округі  | Новопокровка ауылы – орта мектеп<br>Сарноғай ауылы – ауылдық кітапхана                                                                                                                 |
| 13 | Петропавловка ауылдық округі | Петропавловка ауылы – Т.Аманова атындағы орта мектеп                                                                                                                                   |
| 14 | Степной ауылдық округі       | Шелеховка ауылы – орта мектеп                                                                                                                                                          |
| 15 | Таврия ауылдық округі        | Буркотово ауылы – ауылдық клуб<br>Сакновка ауылы- толық емес орта мектеп                                                                                                               |
| 16 | Новодворовка ауылдық округі  | Ивановка ауылы – орта мектеп<br>Березовка ауылы – шипажай конторасы<br>Березовка подхозы – ауылдық клуб                                                                                |
| 17 | Зубаир ауылдық округі        | Зубаир ауылы – орта мектеп<br>Байтанат ауылы – бастауыш мектеп                                                                                                                         |
| 18 | Красный Яр ауылдық округі    | Красный Яр ауылы, Речное ауылы – ауылдық клуб<br>Красный Яр ауылы<br>Уба-Форпост ауылы – орта мектеп                                                                                   |

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ӘЗ НАУРЫЗ ТОЙЛАНАДА

**Новодворовкада**

«Наурыз» сөзі – біріншіден, «Жаңа күн», дегенді білдіреді, екіншіден, аспан денелері өздерінің бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңеледі, сондықтан жаңа жыл ретінде тойланатын думанды халықтық мейрам Әз-Наурыз Ивановка ауылында 21 наурыз күні ерекше ықыласпен тойланды. Ауылдық клуб алаңы мерекелік сән-салтанатпен безендіріліп, Клуб қызметкерлері мен мектеп оқушылары өз өнерлерін көрсетіп, ән айтып, би билеп, театрланған қойылымдарды қойды. Қыдыр ата: «Ұлыс он болсын! Ақ мол болсын!» деген ақ батасын берді, ауыл әкімі А.Камилаев барлық ауыл тұрғындарын наурыз мерекесімен құттықтап, береке бірлік пен ынтымақ тіледі. Бұл мереке күні халқымыз бір-бірімен кездесіп, реніштерін кешіріп, татула- сып, амандық тілеседі. Бірлік пен ынтымағы жарасқан мерейлі мерекеде ауыл тұрғындарына арнап Наурыз дастарханы жайылып, тәттілер мен бауырсақ, ыстық тамақ, шай, таратылды. Клуб алаңында балалар алтыбақан теуіп, асық ойнап көңіл көтеруде. Концерттік шаралардан бөлек түрлі сайыстар ұйымдастырылды. «Наурыз–тіршіліктің бастамасы, береке айы. Адамдар өзінің қонақжайлығын, дархандығын және кеңпейілділігін осындай мерекеде көрсеткен, соның бірі мекемелер мен ауыл тұрғындарының дайындаған әр ұлттың қазақ, орыс, неміс, кәріс, украин, белорус, шығыс, өзбек, татар халықтарының дастарханы мен салт-дәстүрін көрсету сайысы өткізілді. Ивановка орта мектебінің дене шынықтыру ұстаздарының ұйымдастырумен гір көтеру, қол күрестіру, арқан тартысы жарыстары өткізілді. Сонымен қатар 20- наурыз күні Ұлыстың Ұлы күніне арналған Ивановка орта мектебінің дене шынықтыру залында ауыл жастарымен жоғары сынып оқушылары, мектеп ұстаздары арасында тартысты волейбол жарысы өткізілді. Барлық жарыстарға,сайыстарға, өнер көрсеткендерге бағалы сыйлықтар мен қауға қағаздары табысталды. Наурыз – бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, өмірге нұр сыйлаған, сезімге гүл сыйлаған, халық қастерлейтін күн. Ұлыстың ұлы күні Новодворовка ауылдық округінде осылайша тойланды.

**Е.Маутказинова, Новодворовка а/о**

**Жерновкада**

Наурыз мейрамы - ерте заманнан келе жатқан мерекелердің бірі. Бұл мереке бес мың жылдан астам уақыттан бері табиғаттың жаңаруы және көктем мерекесі ретінде тойланады. Байырғы жыл есебі негізінде, осы күн - күн мен түннің теңелуіне - 22 наурызға сәйкес келеді. Жерновка ауылдық округінің халқы «Жерновка орта мектебі» КММ-нің ғимаратында Ұлыстың Ұлы күнін атап өтті. Бір шаңырақ астында дастархан жайылып, концерттік бағдарламада әртүрлі әндер, билер орын- далып, көпшіліктің көңілінен шықты. Сонымен қатар спорттық жарыстар ұйымдастырылды: хоккей, волейбол, қол күресі, гір көтеру. Наурыз – мейрамы – жалпыұлттық мереке, елдік пен бірліктің мерекесі болып табылады. Көпұлтты Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері осы мерекені бейбітшілік пен келісімнің нысаны ретінде ерекше құрметпен қарсы алады. Ерте заманнан бастау алған Наурыз мейрамы, ертеден сабақтасып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді сақтай отырып, жаңа заманмен үйлесім тапты. Наурыз мейрамын атап өтуге демеуші болған «Жерновское» ЖШС басшысы Әубәкіров Жұмақан Қабдешұлына, аудандық мәслихат депутаты Әубәкіров Азамат Жұмақанұлына алғысымыз шексіз.

**Жерновка а/о әкім аппараты**

**Новопокровкада**

Табиғаттың жаңаруын, бірлік пен достықты білдіретін күн мен түннің теңелуі күні таңертеңнен бастап ауыл тұрғындары мен мей- рам қонақтары жинала бастады. Наурызды мерекелеуге арнап ауылдық клуб алдында дәстүрлі қазақи жабдықтармен және ұлттық ерекшеліктермен киіз үй орна- тылды. Киіз үй маңайында жеті азықтан құралған арнайы мерекелік тағам - «Наурыз-көже» дайындалған қазан орнатылды. Тұрғындар мен мейрам қонақтарының Наурыз көже, тәттілерден дәм татуға мүмкіндіктері болған дастархан жайылды, сондай-ақ барлығына ыстық шәй таратылды. Ауылшаруашылық жәрмеңкесі, мерекелік сатылым ұйымдастырылды және жұпар иісті кәуаптар пісірілді. Округ тұрғындарын округ әкімі Жаймұхамедов Талғат Махсатұлы құттықтап, Наурыз мейрамы – біздің халқымыз үшін ұлы мереке, бірлік мерекесі екендігін атап өтті. Өзара тұрақтылық, бірлік пен гүлденуді тіледі. Одан кейін округтің қоғамдық өміріне белсенді қатысқандығы үшін алхыс хаттармен кәсіпкер С.Ульдаринаова мен «Лина» дүкенінің ұжымы марапатталды. Қалыптасқан дәстүр бойын- ша осы күні мешіт имамы Т.Гизатов «Бата» беріп, «Шәшу» ырымын ауыл тұрғыны А.Байгазинаова жалғастырды. Осы жыл мерейтойлық күндерге бай болғандықтан мейрамның барлық тақырыбы бүкіл Қазақстанда аталып өтілетін осы атаулы күндермен байланыстырылды. Қазақ хандығының 550-жылдығына Әуезов атындағы орта мектеп ұжымымен театрландырылған көрініс ұсынылды, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдығына орай Новопокровка орта мектебінің ұжымы Қытай дәстүрін көрсетті, «Ажар» қазақ мәдени орталығының орындалуымен Ұлы Абайдың 170-жылдығына «Есім кою» рәсімі көрсетілді, дәрігерлік амбулатория қызметкерлері «Тұсау кесер» ғұрыпын көрсетті, сондай-ақ «Ляй- сан» және «Славянка» этно-мәдени бірлестіктері сахнаға шықты. Қасқабаева Алтынгүлдің басшылығымен би үйірмелерінің үлкен, орта және кіші топтарының қатысушылары сәнді киімдермен жа- лынды билер көрсетті. Далада көп адамдар болды, ауылдық клубтың залы концерт көруге ниет білдіргендердің барлығын сидыра алмады. Бір уақытта аланда арқан тарту, гір көтеру, қаппен секіру және т. б. түрлі сай- ыстар өткізілді. Аталған іс-шараға қатысушылардың барлығына алғыс айтамыз, себебі тек ынтымақтастықпен ұйымдастырылған жұмыстың арқасында жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Шығыс күнтізбесі бойын- ша жаңа жыл барлығына жақсы көңіл күй, мол өнім мен берекелі дастархан алып келсін.

**А. АМЕРГАЛИЕВА, жетекші маман**

Аудан тынысы

4

№28 (537) 3 сәуір 2015 жыл

МӘСЛИХАТ ШЕШІМІ

**Бородулиха аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 наурыздағы № 30-2-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 27 нурыздағы 3777 нөмірімен тіркелген) «2015-2017 жылдарға арналған Бородулиха ауданының бюджеті туралы» Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 28-2-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 109-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және «2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 24/289-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 4 наурыздағы № 25/311-V шешіміне сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3724 нөмірімен тіркелген) Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. «2015-2017 жылдарға арналған Бородулиха ауданының бюджеті туралы» Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 28-2-V шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3589 нөмірімен тіркелген, аудандық «Пульс района» газетінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 06-07 (6834-6835), «Аудан тынысы» газетінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 06-07 (515-516) сандарында жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:
- 1-тармақта:
- 1) тармақша жаңа редакцияда жазылсын: «кірістер – 3467806,6 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 740532 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 6045 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 58705 мың теңге;
- трансферттердің түсімдері – 2662524,6 мың теңге»;
- 2) тармақша жаңа редакцияда жазылсын: «шығындар – 3473642,1 мың теңге»;
- 1) бюджет тапшылығы (профициті) – -44273,5 мың теңге;
- 2) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 44273,5 мың теңге.
- 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «Аудан бюджетіне 2015 жылға арналған әлеуметтік салық, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, төлем көзінен ұсталатын шетел азаматтарының жеке табыс салығы, төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс салығы, төлем көзінен ұсталмайтын шетел азаматтарының жеке табыс салығы бойынша кірістерді бөлу нормативтері «2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 24/289-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 4 наурыздағы № 25/311-V шешімімен белгіленген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3724 нөмірімен тіркелген) 78,7 пайыз мөлшерінде орындауға алынсын.»;
- 5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «2015 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 26345 мың теңге мөлшерінде бекітілсін.»;

- 9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «Аудандық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер 350599 мың теңге сомасында қарастырылсын.»;
- 10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «Аудандық бюджетте облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер 66114 мың теңге сомасында қарастырылсын.»;
- 11-тармағының 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«Аудандық бюджетте Бородулиха ауылындағы Ф.Середин көшесі бойында орналасқан 59 пәтерлі тұрғын үйді қайта жөндеуге, дамытуға облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер келесі мөлшерлерде ескерілсін:

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жобалау, салу және (немесе) сатып алуға– 165193,6 мың теңге.»;

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «2, 3, 4, 5 қосымшаларға сәйкес 2015 жылға арналған «Қала, аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округі әкімінің аппараты» 123 бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығындар жалпы сомасы 326277,6 мың теңге көлемінде бекітілсін.»;

2, 3, 4, 5 қосымшаларға сәйкес 5, 7, 11, 12 қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын;

аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2015 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**А. ӘУБӘКІРОВ, сессия төрағасы**  
**У. Майжанов,**  
**аудандық мәслихат хатшысы**

**Бородулиха аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 наурыздағы № 30-2-V шешіміне № 1 қосымша**

**Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 28-2-V шешіміне № 1 қосымша**

**2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БОРОДУЛИХА АУДАНЫНЫҢ БЮДЖЕТІ**

| Санаты |             |                                                                                                                                                                          | Сомa<br>(мың<br>теңге) |
|--------|-------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
| Сыныбы |             |                                                                                                                                                                          |                        |
|        | Ішкі сыныбы |                                                                                                                                                                          |                        |
|        |             | КІРІСТЕР АТАУЫ                                                                                                                                                           |                        |
|        |             | I КІРІСТЕР                                                                                                                                                               | 3467806,6              |
| 1      |             | Салықтық түсімдер                                                                                                                                                        | 740532                 |
|        | 01          | Табыс салығы                                                                                                                                                             | 285733                 |
|        | 2           | Жеке табыс салығы                                                                                                                                                        | 285733                 |
|        | 03          | Әлеуметтік салық                                                                                                                                                         | 183608                 |
|        | 1           | Әлеуметтік салық                                                                                                                                                         | 183608                 |
|        | 04          | Меншікке салынатын салықтар                                                                                                                                              | 241059                 |
|        | 1           | Мүлікке салынатын салықтар                                                                                                                                               | 134071                 |
|        | 3           | Жер салығы                                                                                                                                                               | 3796                   |
|        | 4           | Көлік құралдарына салынатын салық                                                                                                                                        | 80692                  |
|        | 5           | Бірыңғай жер салығы                                                                                                                                                      | 22500                  |
|        | 05          | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар                                                                                                          | 24258                  |
|        | 2           | Ақшиздер                                                                                                                                                                 | 5261                   |
|        | 3           | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер                                                                                                      | 8570                   |
|        | 4           | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар                                                                                                        | 9908                   |
|        | 5           | Ойын бизнесіне салық                                                                                                                                                     | 519                    |
|        | 07          | Басқада салықтар                                                                                                                                                         | 24                     |
|        | 1           | Басқада салықтар                                                                                                                                                         | 24                     |
|        | 08          | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 5850                   |
|        | 1           | Мемлекеттік баж                                                                                                                                                          | 5850                   |
| 2      |             | Салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                   | 6045                   |
|        | 01          | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер                                                                                                                                   | 45                     |
|        | 1           | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің кірістері                                                                                                              | 29                     |
|        | 7           | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар                                                                                                               | 16                     |
|        | 06          | Өзгеде салықтық емес түсімдер                                                                                                                                            | 6000                   |
|        | 1           | Өзгеде салықтық емес түсімдер                                                                                                                                            | 6000                   |
